

UIPM ЕРЕЖЕСІ

Атқа салт міну кезеңінің ережесі

МАЗМҰНЫ

А бөлімі

4.1. Қолдану саласы

4.1.1. Осы ереже атқа салт міну бойынша жарыстарды өткізген уақытта орындалуға тиіс, бұл жарыс өту жылдамдығы ашық алаңда 350м/мин және үй-жайда 300м/мин болатын, маршруттағы көрнекі ырғуды білдіреді. Жарыстар жеке және командалық есепте де өткізіледі.

4.1.2. Жеке есептегі жарыстарда жарыстың ұйымдастырушысы бір, екі, үш немесе төрт шабандозға болуына қарай бір атты ұсынады. Кез келген жағдайда ұйымдастырушы екінші топта шығатын бес шабандоздың әрқайсысына қосымша ат беруге тиіс.

1) А санатындағы барлық ресми жарыстарда бір ат бір немесе көп дегенде екі спортшыға берілуге тиіс, ең болмағанда бір атты үш қатысушыға беруге болады.

2) Егер В және С санатындағы жарыстарда бір ат төрт спортшыға берілетін болса, онда осындай жарыстар екі күн ішінде, күніне екі гиттен өткізіледі.

4.1.3. UIPM барлық ресми жарыстарында жеке есепте маршруттың ұзындығы 350-450м болады және екі кедергіні қамтитын (екілік жүйе) бір комбинациядан және үш кедергіні (үштік жүйе) қамтитын бір комбинациядан тұратын 12 кедергі болады. Кемінде 5 кедергі жарыстың мәртебесіне және аттардың деңгейіне байланысты барынша жоғары биіктікте орнатылуға тиіс.

4.1.4. Әлем чемпионаттарында, Еуропа чемпионаттарында, CISM әлем чемпионаттарында командалық есепте жарысты ұйымдастырушы әр команда үшін үш ат ұсынады. 3×350м маршрутында комбинациясыз 9 кедергі орнатылады. В санатындағы барлық басқа жарыстарда командалық есепте команда үшін ұйымдастырушы тек бір ғана ат және екінші мен үшінші гит үшін үш қосымша ат бере алады. 3×200м маршрутында комбинациясыз 6 кедергі орнатылады.

4.1.5. 2 адамнан (2 ер, 2 әйел, немесе 1 ер+1әйел) тұратын командалар арасындағы эстафеталар бір, екі немесе үш гитта ұйымдастырылуы мүмкін. Ұйымдастырушылар әрбір командаға екі аттан береді, 2×350м маршруты комбинациясыз 9 кедергіден тұрады.

4.1.6. Атқа салт мінуден жарысқа жіберу.

Атлеттер халықаралық лицензия болған кезде немесе ұлттық федерациядан спортшының біліктілігі осы түрге қатысуға мүмкіндік беретіндігі жөнінде жазбаша растау құжаты болғанда ғана атқа салт мінуден жарысқа жіберіледі.

4.2. Басқару органдары

4.2.1. UIPM барлық ресми жарыстарында **атқа салт мінудің директоры** мынадай ресми тұлғаларды тағайындайды: төреші, хатшы, хронометрист, диктор, маршрутты белгілеуші, маршрутты белгілеушінің көмекшілері, стартер, жаттығу алаңындағы төреші, аттарды бөлу жөніндегі төреші, жабдықтау жөніндегі төреші, ветеринарлық дәрігер. Кез келген мәселе бойынша құзыретті тұлғалардың UIPM техникалық делегатының келісуімен қабылдаған шешімі түпкілікті болып табылады.

4.2.2. **Атқа салт мінудің директоры** жарыстағы ең басты тұлға болып табылады және мыналар үшін жауапты болады:

- 1) Өзі тағайындаған ресми тұлғаларды басқаруға және барлығының іс-әрекетін үйлестіруге;
- 2) Маршрутты орнатуға және жаттығу алаңын салуға;
- 3) «аттарды төселдіруді» өткізу үшін қажетті аттар санының болуына;
- 4) UIPM техникалық делегатымен бірге жарысқа жарайтын аттарды іріктеуге;
- 5) Ветеринар дәрігерден аттың сау екендігі және жарысқа қатысуға болатындығы жөнінде медициналық куәлікті алуға;
- 6) Аттардың жеребесін өткізуді қамтамасыз етуге;
- 7) Көрермендерді қазіргі бессайыс бойынша жалпы жарыстың барысы, соның ішінде атқа салт міну бойынша хабардар ету мақсатында диктордың жұмысын дайындауға және бақылауға;

4.2.3. **Төрешінің** міндетіне спортшы көрсеткен нәтижені дәл бағалау кіреді. Ол:

- 1) Кестеге сәйкес шабандоздарды маршрутқа шығару үшін;
- 2) Қоңыраудың көмегімен стартқа, тоқтауға немесе гитті қайтадан бастауға немесе оны уақытынан бұрын аяқтауға;
- 3) Барлық маршруттың барысында әрбір жеке кедергіде спортшының жіберген қателіктерін, тоқтау кезінде жіберген қателіктерімен қоса ауызша айтуға және нәтижесін ауызша бағалауға;
- 4) Сондай-ақ шабандоздың түпкілікті нәтижесін анықтауға;
- 5) Қосымша аттардың жеребесін өткізуге және қайта даярлау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

4.2.4. **Хатшы** «аттарды төселдіруді» өткізу уақытында және жарыс барысындағы қағаздармен жұмысқа жауапты болады. Ол:

- 1) Жеребе үшін қажетті нөмірлерді дайындауға;
- 2) Таңдалған аттың нөмірі мен атын жазып отыруға;
- 3) Спортшыға таңдалған аттың нөмірі мен аты жазылған құжатты, аттың өзін және осы спортшының стартқа шығатын уақытын беруге;
- 4) Ат түрінен жарыс өткізген кезде реферидің айтқан барлық ауызша ескертулерін жарыстардың хаттамаларына жазып отыруға;
- 5) Хронометристтердің деректеріне сәйкес спортшы көрсеткен уақытты жазып отыруға;

- 6) Әрбір спортшы жинақтаған ұпайлардың жалпы санын санауға міндетті.

4.2.5. Хронометрист:

- 1) Старттық белгіден кейін әрбір 30 секундты өлшеп отыруға;
- 2) Реферидің белгісі бойынша уақытты санауды бастауға және аяқтауға;
- 3) Спортшы көрсеткен уақытты жазып отыруға;
- 4) Электрондық құрал-жабдық болмаған жағдайда спортшының уақыты секундомермен өлшеуге міндетті.

4.2.6. Диктор спортшылар мен көрермендерді жарыстың барысы туралы хабардар етеді және:

- 1) Спортшыларды аттардың жеребесіне қатысуға шақыруға;
- 2) Спортшылардың атын, таңдалған аттың нөмірі мен атын хабарлауға, сондай-ақ аттарды таныстыру үшін шақыруға;
- 3) Спортшыларды аренаға шығу үшін шақыруға және аттың түрі басталар алдында әрбір спортшы мен атты таныстыру үшін шақыруға;
- 4) Фиништан кейін спортшының ат түрінен жалпы нәтижесін және бұзушылықтар үшін алынған ұпайлар санын, уақытын, сонымен қатар алдыңғы түрлерден кейінгі оның орнын хабарлауға міндетті.

4.2.7. Маршрутты белгілеуші жарыс басталар алдында маршрутты дайындайды және жарыс барысында оның жағдайын тексеріп отырады. Ол:

- 1) Ережеге сәйкес ат түрі үшін маршрутты салуға;
- 2) UIPM техникалық делегатымен бірге маршрутты толық тексеруге және ол ұсынған қателіктерді түзетуге;
- 3) Көрінетін белгінің көмегімен маршруттағы кедергінің, жалаушаның алынуы, басқа да бұзушылықтарды белгілеуге;
- 4) Құлаған кедергілер немесе жалауларды дұрыс қалпына келтіруге;
- 5) Көрінетін белгінің көмегімен маршрут қалпында екенін және реферидің жарысты жалғастыру үшін белгі беруіне болатындығын белгілеуге міндетті.

4.2.8. Маршрутты белгілеушінің көмекшілері жарыс өткізіліп жақтан кезде аренада болады және оның барлық нұсқауларын орындауға тиіс.

4.2.9. Стартер жалауды көтере отырып, спортшыға жүруді бастауға болатындығын көрсетеді. Жалауды шайқалту спортшының старт/финиш сызығынан асып кеткендігін білдіреді. Эстафетадағы жарыстарда стартер 2-ші және 3-ші спортшының стартының дұрыстығын тексереді және фальстарт туралы жариялайды.

4.2.10. Жаттығу алаңындағы төреші:

- 1) Жасалған секірулер санын жазуға;
- 2) Спортшыны оның соңғы секіруі қалғандығы жөнінде хабардар етуге;
- 3) Спортшының немесе оның қарамағындағы мүшелердің жаттығу алаңындағы жасаған бұзушылықтары туралы атқа салт міну директорын және төрешілерді хабардар етуге;
- 4) Спортшыны оның жарыстың алаңына шығу уақыты келгендігі жөнінде хабардар етуге;
- 5) Эстафеталарда аяқталуға 5 минут қалған уақытта команда басшысынан қатысушы карточкасын алуға жауапты болады.

4.2.11. Аттарды бөлетін төреші:

- 1) Аттардың әбзелдері мен ер-тоқымының жарысқа жарамдылығын тексеруге;
- 2) Спортшының жеребе бойынша түскен атын алуына жауапты болуға;
- 3) Кестеге сәйкес спортшыларға жеребе бойынша бөлінген аттарды беруге және атқа отыруға команда беруге міндетті.

4.2.12. Жабдықтау жөніндегі төреші жаттығу алаңында спортшының жаттығуға шығар алдындағы қамшысы мен өкше темірін тексеруге жауапты болады.

4.2.13. Жабдықтау жөніндегі төреші жарыс алаңында спортшының маршрутқа шығар алдындағы қамшысы мен өкше темірін тексеруге жауапты болады.

4.2.14. Ветеринар:

- 1) Жеребе басталғанға дейін аттың жарысқа қатысуға жарамдылығы туралы жазбаша анықтама беруге;
- 2) Жеребе рәсімін сүйемелдеуге және аттардың жарамдылығын растауға;
- 3) Жаттығу алаңында болуға және жарысқа жіберілмеген аттардың қатысуына жол бермеуге;
- 4) Аттың ақсайтындығы жөнінде дереу UIPM техникалық делегатына хабарлауға тиісті.

4.2.15. Аттарды беру аймағы

- 1) Жарыстардың ұйымдастырушылары атлеттер аттарын алатын, оны дайындайтын және отыратын аймақты бөлуге тиіс.
- 2) Салт жүруге дайын кемінде 3 ат берілуге тиіс.

4.2.16. Резервтік аттарға арналған аймақ

Резервтік аттар болуға тиіс және арнайы аймақта дайын тұруға тиіс.

4.3. Маршрутты және аттарды тексеру

- 4.3.1. Маршрут – спортшы старттан финишқа дейін конкурлық алаң арқылы өтуге тиісті жол. Маршруттың ұзындығы бір метрге дейінгі дәлдікпен өлшенеді, әсіресе бұрылыстарда ат қозғалатын траекторияға сәйкес. Маршруттың траекториясы әрбір кедергінің ортасынан өтуге тиіс.
- 4.3.2. Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында ұйымдастырушы маршрутты белгілеушіні тағайындайды және ол туралы UIPM хабардар етеді. Белгілеуші маршрутты жоспарлайды және дайындайды, аттардың дайындық деңгейіне байланысты кедергілердің биіктігін таңдайды. Маршрут ең үздік спортшылар өзінің шеберлігін көрсете алатындай ұйымдастырылуға тиіс. Атқа салт мінуден жарыс басталғанға дейін кемінде 2 күн бұрын UIPM техникалық делегаттары маршрутты тексеруге тиіс.
- 1) UIPM техникалық делегаттары аттарды тексергеннен кейін бірден тағы да маршрутты тексеруге тиіс және қажеттілігі бойынша өзгерістер енгізеді;
 - 2) Техникалық делегаттар қайтадан тексергеннен кейін ғана маршрут ресми болып есептеледі және өзгертуге жатпайды.
- 4.3.3. UIPM А және В санаттарындағы басқа ресми жарыстарында техникалық делегат атқа салт міну алаңындағы аттардың жағдайын жарыс басталғанға дейін кемінде бір күн бұрын тексеруге тиіс.
- 4.3.4. Аттарды ресми тексеру «аттарды төселдіру» нысанында атқа салт мінуге арналған алаңда өтеді. Тексеруден өтпеген аттар жарысқа қатысуға жіберілмейді.
- 1) Төселдіру кезінде барлық аттардың өшірілмейтін сырмен алдыңғы сол аяғының тұяғына салынған старттық нөмірлері болуға тиіс.
 - 2) Осы нөмір сондай-ақ көрермендерге көрінетіндей шылбырға да жазылуы тиіс.
 - 3) Барлық жарыс бойына нөмір атта сақталады.
 - 4) Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында UIPM техникалық делегаттары «төселдіруде» көрсетілген барлық аттарға төлқұжат немесе «көгілдір кітапшаларды» алуға тиіс.
 - 5) Ресми тұлғалар, жаттықтырушылар, спортшылар және көрермендер аттарды ресми тексеруге қатыса алады, алайда олардың араласуға құқығы жоқ.
 - 6) Егер маршрут бекітілгеннен кейін форс-мажорлық жағдайларда олардың жоспарын өзгерту қажеттілігі туындаса, өзгертулер туралы командалардың өкілдеріне хабарланады.
 - 7) Атқа салт мінуден жарыс басталған соң маршрутқа өзгерістер енгізуге тыйым салынады.
 - 8) Егер жарысты тоқтата тұру (нашар ауа-райының, нашар жарықтанудың салдары және т.с.с.) қажеттілігі туындаса, жарысты қалпына келтіру үзіліске дейінгі маршрутта, сол кедергілерден, сол жағдайларда жалғасуға тиіс. Жарыс қай жерде тоқтатылса, сол жерден басталады.

9) Жарыс алдында спортшыларға маршрутты көрсету жаяу жүргізіледі. UIPM техникалық делегаты аттарды тексеріп болып, трассаға ресми кіруге рұқсат берген соң, маршрут 45 минут ішінде қарау үшін ашылады.

10) Бессайысшылар мен командалардың өкілдері ұйымдастырушының кестесіне сәйкес, жарыс бағдарламасының ішіндегі кез келген уақыт ішінде маршрутты қарап шығу үшін 20 минут алады.

11) А санатындағы жарыстарда жеребенің алдында маршрутты қарау көзделінбейді.

4.4. Киім мен жабдықтау

4.4.1. Спортшылардың, жаттықтырушының және ресми тұлғалардың киімдері

Конкурлық алаңға шығатын спортшылар, жаттықтырушылар және ресми тұлғалар сәйкесінше киінуге тиіс. Осы ереже аттардың жеребесі кезінде де және жарыс күні маршрутты жаяу көру уақытында да қолданылады. Жарыс болмаған күні атлеттер мен ресми тұлғалар күнделікті киіммен жүруге болады.

1) Олимпиада ойындарында, әлем чемпионаттары мен әлем кубоктарының финалында барлық спортшылар редингот немесе ұлттық эмблеманың (жалау, жеңқап, төсбелгі) бейнесі бар атқа салт мінуге арналған костюмді киюге тиіс.

2) UIPM барлық басқа жарыстарында азаматтық спортшыларға:

- Олардың Ұлттық федерациясы мақұлдаған атқа салт мінуге клубының формасын, немесе

- аңшылыққа арналған униформаны (қызыл немесе қара редингот, ақ бриджи, атқа салт мінуге арналған каска), немесе

- атқа салт мінуге арналған рединготты немесе өзінің Ұлттық федерациясының спорттық күртесін, жағасы бар ақ жейде мен галстукты, атқа салт мінуге арналған бриджи мен шалбарды киюге болады.

3) Қарулы күштердің, полицияның өкілдері, қарулы күштерде жұмыс істейтін азаматтық тұлғалар, ұлттық ат зауыттарының қызметшілері азаматтық та, формалық киімде де шыға алады. Бірақ екі киімнің түрінде де галстук пен жағасы бар жейде болуға тиіс.

4) Барлық спортшылар жарысқа шыққанда және жаттығуда қорғау каскаларында болуға тиіс, олар иекте мықты орнатылуға тиіс. Егер спортшы маршрутта каскасын жоғалтса, онда ол тоқтап оны киіп алуға тиіс. Каскалар мына стандарттарға сәйкес болуға тиісті:

- PAS 015:1998, EN1384:1996 – BSI маркалы каскалар
- AS/NZS3838:1998 , AS/NZS3838:2003 – каскада SEI ASTM F1163-04 стандартының белгісі болуға тиіс;
- SNELL E2001 таңбасымен E2001 3.4.2.

Атлеттерге арқаға арналған пластинаны тағу ұсынылады.

- 5) Ұйымдастырушылар жарыс алдында өзінің каскаларын тестілеуден өткізетін орында қатысушыларға хабардар етеді. Тексерілген амуниция таңбаланады және атлетке қайтарылады.
- 6) UIPM техникалық делегаттары тестіден өткізгеннен кейін таңбаланған каскаларсыз атлеттердің жарысты немесе жаттығуды бастауға құқығы жоқ.
- 7) Атқа салт мінуге арналған құрал-жабдықтар қазіргі бессайыстың ережесіне сәйкес келуге тиіс.

4.4.2. Аттардың жабдықтары

Жарыс уақытында аттардың жабдықтары «төселдіру» барысындағыдай болады, әсіресе бұл мартингал мен жүгенге қатысты.

4.4.3. Темір өкше мен қамшы

- 1) Сыртқы жағынан дөңгеленген жағына дейін өлшенген темір өкшенің тақымының барынша ұзындығы 30мм-ді құрайды. Жылжымалы доңғалақтары бар, өткір немесе шеті кескіш болатын темір өкшені пайдалануға тыйым салынады.
- 2) Шабандоз ер-тоқымда отырған кезінде темір өкше төменге қаратылуға тиіс;
- 3) Қамшының барынша ұзындығы 75см құрайды. Қамшының ұшында ауырлататын, өткір немесе шеті кескіш болмауы керек.
- 4) Темір өкше мен қамшыны бақылауды жабдықтау жөніндегі төреші немесе жаттығу алаңындағы төреші спортшы дәл конкурлық алаңға шығар алдында жүргізеді.
- 5) Тексерілмеген қамшыны немесе темір өкшені конкурлық алаңда, жаттығу алаңында немесе көрсеткіш аймағына жақын басқа орында пайдалану жазалауға әкеп соғады.

4.5. Жеребе.

4.5.1. Аттардың тізімі спортшыларға жарыс басталар алдында кемінде 1 сағат бұрын берілуге тиіс.

4.5.2. Жеребені өткізу үшін спортшылар белгілі уақытта, белгілі орында, олардың алдыңғы түрлер бойынша көрсеткіштерінің жалпы нәтижесіне сәйкес тәртіпте бір қатарға сапқа тұруға тиіс.

4.5.3. Жеребенің алдында аттарды қатысушылардың алдынан олардың нөмірлеріне сәйкес солдан оңға қарай жүргізіп өтеді, әрбір ат үшін бір жылқышы. Тізгіндегі аттар оларды жариялағаннан кейін қатысушылардың алдынан жортандап жүргізіледі. Аттар мен спортшылардың ара-қашықтығы жуық шамамен 50м болуға тиіс.

4.5.4. UIPM техникалық делегаты спортшыларға қарама-қарсы тұрған контейнерге әрбір ат үшін бір нөмірдің салынуын тексереді. Сонымен қатар, ол контейнердегі нөмірлердің мұқият араласуын қадағалайды.

4.5.5. 2 гитте өтетін жарыстарда үздік спортшылардың 50%-ы 2-ші гитте жүреді, 3 гитте өтетін жарыстарда 33%-ы, 4 гитте өтетін жарыстарда 25%-ы.

4.5.6. Семсерлесу мен жүзу бойынша жарыстардың қорытындысы бойынша бірінші орынды иеленіп тұрған спортшы жеребені бірінші тартады. Осы жеребенің негізінде қалған аттар (алдын ала нөмірленген) автоматты түрде басқа спортшылардың арасында бөлінеді.

Мысалы, егер лидер жеребе бойынша №6-шы атты таңдаса, онда іріктеу бойынша келесі атлет №7-ні және т.с.с таңдай береді. Осы жүйені қолдана отырып, жарысты іріктеу бойынша ең төмен тұрған атлеттен бастау және бағдарламаның екі түрі (жүзу және семсерлесу) бойынша лидермен жарысты аяқтау мүмкіндігі туады. Және те толық жеребенің орнына көрермендерге аттар мен бессайысшыларды көрсету жүргізіледі. Бірінші жұпты көрсеткен сәттен бастап (мысалы, №18 және №36 атлеттер) және олар өздерінің аттарын көрген соң, осы атлеттер бірден 20-минуттық жаттығуға барады. Таныстыру рәсімі мен аттарды таңдау аяқталған соң (бұған 25 минуттан артық берілмейді), бірінші шығатын атлет маршрутты өтуге дайын болуға тиіс.

4.5.7. Егер жарыс бір гитте өтетін болса, лидер жеребе бойынша атты таңдайды және бөлу кері тәртіппен жүреді.

4.5.8. Егер А санатындағы жарыс екі гитте өтетін болса, спортшылар жеребені былай жүргізеді:

Спортшылардың жалпы саны: 36 немесе 40, егер біліктілік жарыстары өткізілмесе және ұйымдастырушылар қарсы болмаса.

1	36+18
2	35+17
17	20+2
18	19+1

4.5.9. Үш гитті өткізген жағдайда, спортшылар топтарға бөлінеді.

4.5.10. Жеке және командалық жарыстарда өз гиттерінде бірінші орындарды иеленген спортшылар жеребені бірінші тартады, екінші орынды алғандар- екінші тартады және т.с.с.Командаларда бір атлет барлық команда үшін жеребе тартады.

4.5.11. Командалардың арасында жеребе өткізу үшін аттар жеке есептегі жарыстарда көрсеткен ең үздік көрсеткіштерге сәйкес 3 топқа бөлінеді. Егер жеке есепте жарыстар өткізілмесе, онда тест уақытында көрсетілген ең үздік нәтижелер есепке алынады.

Екі гитте өткізілетін жарыстарда 16 команданың арасында аттарды бөлуге мысал:

№1-ші топ № ат

№2-ші топ № ат

№3-ші топ № ат

№4-ші топ № ат

№5-ші топ № ат

№6- топ № ат

№7-ші топ № ат

№8-ші топ № ат

4.5.12. Екі гитте өтетін жарыстарда эстафетасында үздік командалардың 50%-ы 2-ші гитте жарысады.

4.5.13. Егер А санатындағы жарыстар 2 гитте өтсе, онда бөлу былай жүргізіледі: командалар саны 16

1 16+8

2 15+7

.....

7 10+2

8 9+1

4.5.14. Спортшылардың ер-тоқымға отырғанға дейін және жаттығу басталғанға дейін жеребе бойынша түскен атты қарап алуға құқығы бар. Атты сонымен бірге апелляциялық қазылар алқасы қарап алады.

4.5.15. Ер-тоқымға отырғанға дейін спортшы аттың жарысқа дайын еместігін сезетін болса, оны тексеруді өтіне алады. UIPM техникалық делегаты атты ауыстыруға рұқсат беруі мүмкін.

1) Осындай рұқсатты алған соң осы спортшы жеребе бойынша резервтік аттардың бірін ала алады. Спортшы ер-тоқымға отырған соң, ауыстыруға рұқсат берілмейді. Бірақ айрықша жағдай да болады, тексерістен өткен ат оған спортшы отырғаннан кейін ақсап қалса, онда Техникалық делегат жауапты ветеринарлық дәрігермен бірге

спортшыны осы атпен конкурлық алаңға шығармау жөнінде шешім қабылдауы мүмкін.

2) Егер жаттығу басталып, содан кейін ат ақсап қалса, онда Техникалық делегат жауапты ветеринарлық дәрігермен бірге спортшыны осы атпен конкурлық алаңға шығармау жөнінде шешім қабылдауы мүмкін.

4.5.16. Лидер таңдаған ат дереу қатысушылардың алдында ұзын жіппен жорта жүргізілуге тиіс. Егер UIPM техникалық делегаты, ат түрінің директоры және ветеринарлық дәрігер атты жарыста қатысуға жарамсыз деп есептесе, аттарды көрсету тоқтатылады да, осы ат №1 резервтік атпен ауыстырылады. Содан соң екі түр бойынша лидер қайтадан жеребе тартатын болады.

4.5.17. Егер атқа салт міну жарыстың соңғы түрі болып табылса, UIPM техникалық делегаты мен ат түрінің директоры, жарамды аттардың санына байланысты, жеребеге қатысатын және стартқа шығатын спортшылардың санына алдыңғы төрт түр бойынша жиналған ұпайлардың санымен шектеу қоюы мүмкін.

4.6. Кезеңді өткізу тәртібі

4.6.1. «Арена жабық» деген кесте кіребірісте немесе конкурлық алаңның орталығындағы көрінетін орынға орналастырылған уақытқа дейін конкурлық алаңға кіруге тыйым салынады. Конкурлық алаңға кіруге рұқсат төреші соғатын қоңыраудың белгісімен және «Арена ашық» кестесін орнатқан соң беріледі.

4.6.2. Старт басталғанға дейін спортшылардың аттарды конкурлық алаңда жаттықтыруға, оларды маршруттағы кедергілерге жіберуге және секірулер жасауға құқығы жоқ. Осы ережені бұзған спортшы жазаланады.

4.6.3. Спортшыға жаттығу алаңындағы төрешіден рұқсат алғаннан кейін, жаттығу алаңында жарысуынан 20 минут бұрын ер-тоқымға отыруына рұқсат беріледі.

1) Ер-тоқымға отырар алдында аттың ер-тоқымының орналасуын ауыстыруға және оған басқа әбзелдер тағуға рұқсат беріледі.

2) Жеке есептегі жарыстарда әрбір спортшының жаттығу алаңында 5 секіру жасауға құқығы бар. Жаттығу алаңындағы төреші спортшыға 4 секіру жасағаннан кейін ескерту жасайды. Егер ескертулерге қарамастан, спортшы рұқсат етілген секірулерден артық жасаса, ол жазаланады.

3) Эстафетадағы жарыстарда 2 және 3 адамнан тұратын командалар үшін 2 немесе 3 ат берілген жағдайда әрбір ат жаттығу алаңында 5

секіру жасай алады. Командаға 1 ат берілген кезде ат жаттығу алаңында 6 секіру жасай алады. Жаттығу алаңында командалардың өкілдері аттардың даярлығын анықтайды және команданың әрбір мүшесі қанша секіру жасайтындығын шешеді.

4) Спортшы жаттығу алаңында қате бағытта жасалған кедергіден әрбір секіру үшін жазаланады.

5) Команда мүшелері жаттығу кезінде кедергінің биіктігін өзгертуде көмек көрсете алады, алайда бұл ретте кедергі биіктігі ең биіктен артық болмауға тиіс. Ешкімге ат секірген уақытта кедергінің ешқандай бөлігін қолдауға рұқсат етілмейді.

4.6.4. Спортшы аренаға шақыру бойынша шығуға тиіс. Шақырған соң спортшы аренаға шықпаса, шақыру 30 секундтық үзіліспен екі рет қайталанатын болады, содан кейін спортшы немесе команда жазаланады.

4.6.5. Сәлемдесу

1) Сәлемдесуге арналған алаң төрешілерге қарама-қарсы орналасуға тиіс және жалаулармен, гүлдермен, өсімдіктермен немесе кедергілермен айқын белгіленуге тиіс.

2) Спортшы төрешімен сәлемдесуге тиіс, амандаспаған жағдайда, төреші оған жарысты бастауға рұқсат бермеуі мүмкін.

3) Қамшыны көтеру немесе басты ию сәлемдесу ретінде қабылданады.

4.6.6. Стартты бастауға белгі қоңыраудың көмегімен беріледі. Старт кейінге қалдырылуы мүмкін, бірақ қажет уақыттан бұрын берілмейді. Стартқа белгі берілгенге дейін бастаған немесе старт сызығынан өткенге дейін бірінші кедергіден өткен спортшы жазаланады. Бұл ретте төреші қоңырау соғып, спортшыны тоқтатады. Содан кейін спортшы старттық тұғырына оралады және қоңыраумен қайта белгі берілген соң қайтадан жарысты бастай алады.

1) Екі гиттің арасында үзіліс болмайды. Алайда, егер жарыс уақытында жеке есепте аттардың саны 13-тен кем болса, ал эстафеталық жарыстарда «командаға 3 ат» нұсқасымен командалардың саны 7-ден кем болса, гиттардың арасында 10 минуттық үзіліс жасау керек. Аттар саны аз болған жағдайда, келу финишынан соң және келесі спортшының жаттығу сессиясының старты басталғанға дейін Техникалық делегат гиттен кейін және келесі жаттығу басталар алдында аттардың демалуы үшін жеткілікті болып табылатын 25-минуттық үзіліс тағайындауға құқылы.

2) Егер атқа салт мінуден жарыстар 2 күн өткізілетін болса, екінші күннің рәсімі жоғарыда сипатталған бірінші күннің рәсіміне ұқсас болады.

3) Тиісті белгіні бергеннен кейін ат 30 сек. ішінде старт сызығынан өтпесе де, дистанцияны өту уақыты нақты старт басталған сәттен басталып есептелінеді.

- 4) Жеке есептегі жарыстарды өткізген кезде, спортшылар 3 минуттық интервалмен жарысады.
 - 5) «командаға 3 ат» нұсқасымен командалық эстафеталық жарыстарды өткізген кезде командалардың мүшелері 7 мин. интервалмен жарысады. Бірінші спортшы қоңыраудың белгісімен эстафетаны беру аймағынан жарысты бастайды. Екінші және үшінші қатысушылар бірінші спортшының аты тұмсығымен эстафетаны беру аймағының сызығынан өткен кезде жарысты бастайды. Маршрутты аяқтаған спортшы беру аймағында аттың үстінде қалады. Егер спортшы осы аймақтан кетіп қалса, қайтадан оралуға тиіс. Эстафетаны беру аймағынан шығып кеткені үшін кезектен тыс жазалау тағайындалуы мүмкін. Команданың үшінші қатысушысы жарысты аяқтаған соң, команда рефериге сәлем беріп, конкурлық алаңнан кетеді.
 - 6) Командаға 2 ат нұсқасымен командалар арасындағы жарыстарда 3 адамнан тұратын командалар арасындағы жарыстардағы ережелер бойынша 4 минуттық интервалмен жарысады.
 - 7) «Командаға 1 ат» нұсқасымен эстафеталық жарыстарды өткізген кезде командалар 5 минуттық интервалмен жарысады: команданың әрбір қатысушысы белгілі тәртіппен 6 кедергіден өтуге тиіс. Алдыңғы спортшы маршрутты аяқтап эстафетаны беру аймағына келген соң, екінші және үшінші спортшылар атқа отырып стартты бастай береді. Спортшыларға атқа отыратын кезде бір-бірлеріне көмектесуге болады, бірақ та маршрут бойынша жүрген кезде көмектесе алмайды.
- 4.6.7. Спортшыларға да, басқа тұлғаларға да жарыс басталған соң конкурлық алаңға жаяу шығуға тыйым салынады. Осындай бұзушылық болған кезде, қоңырау соға отырып, рефери уақытты тоқтатады және жарысты бөледі, ал бұзушылықты жасаған тұлға конкурлық алаңнан шығарылады. Осыдан кейін төреші жарысты жалғастырады.
- 4.6.8. Егер бессайысшы конкурлық алаңға жаяу шықса, ол жазаланады.
- 4.6.9. Атлеттің немесе аттың жарақат алған жағдайларын есепке алмағанда бессайысшыларға конкурлық алаңнан жаяу кетуге тыйым салынады, олар жазаланады.

4.6.10. Атты ауыстыру

- 1) Егер ат бірінші гитта үш кедергіде екі ырғудан жасаса, осы атпен келесі гиттарда шығуға тиіс спортшылардың резервтік атта шығуға құқығы бар. Резервтік атта шығуға бел байлаған спортшы ол туралы дереу рефериге хабарлауға тиіс, содан кейін резервтік аттардың бірінің жеребесін анықтайды. Өйтпеген жағдайда спортшы алдында белгіленген атпен шығуға тиіс.
- 2) Егер ат жеке есептегі жарыстардың екінші гитында үш кедергіде екі ырғудан жасаса, онда оны келесі топ немесе командалық есептегі жарыстар үшін қалдыруға болады, бұл ретте осы кедергіде сүйрету

жақсы өтетіндігін есепке алған жағдайда. Сүйрету жарыс аяқталған соң жүргізіледі.

3) Сүйрету барысында осы ат салт аттыға бағынатындығы және осы кедергіні ала алатындығы көрсетілуге тиіс. Егер ат бір ырғу жасаған жағдайда, ол жарыстан алып тасталынады. UIPM техникалық делегаты қай ат сүйретуден өтетінін, қай ат жарыстан алынатынын шешеді.

4.7. Спортшылар мен аттардың мінез-құлқы

4.7.1. Спортшы атқа қамқорлықпен, мейірімділікпен, қандай да бір қатыгездіксіз қарауға тиіс. Атқа қатыгездік көрсеткен жағдайда спортшыға айыппұл салынады.

4.7.2. Спортшы атпен старттық және фиништық сызықтарда, барлық кедергілерде орнатылған жалаулардың арасынан өтуге тиіс, оң жағынан-қызыл, сол жағынан-ақ. Спортшы дистанцияны маршрут жоспарына сәйкес өтуге және кедергілерді алудың кезектілігін сақтауға тиіс. Конкурлық алаңнан кетер алдында спортшы финиш сызығын атқа отырып өту керек, өйтпеген жағдайда ол жазаланады, жазаның қаталдығы осы бұзушылық жасалған жағдайларға байланысты болады.

4.7.3. Аттың немесе спортшының қателесуі есебінен кедергі **құлатылды** деп саналады мына жағдайларда:

- 1) Кедергінің басқа бөліктері құлауға бөгет болса да, барлық кедергілер немесе оның бөлігі құлайды;
- 2) Брустың бір шеті орнында тұрмаса;
- 3) Кедергінің тұрақтылығы үшін орнатылған және оның ажырамас бөлігі болып табылатын кез келген қолдаушы элементі құлап қалса;
- 4) Кедергінің құлаған элементі спортшыға басқа кедергіден өтуге бөгет жасаса, қоңырау шылдырлайды, секундомер тоқтатылады. Осы уақытта кедергі элементі көтеріледі және жол тазартылады.
- 5) Егер спортшы қате қалпына келтірілген кедергі арқылы секіруді жасаса, ол жазаланады. Бірақ кедергіні құлатқан жағдайда, спортшы жазаланады.
- 6) Егер кедергі бір жазықтықта тігінен орналасқан (вертикаль кедергілер) бірнеше элементтерден тұратын болса, тек жоғары элементті құлатқан жағдайда айыппұлмен жазаланады.
- 7) Егер кедергі бір тік жазықтықта орналаспаған (кең кедергі) кедергілерден тұрса, бір немесе бірнеше жоғарыдағы элементтерді құлату құлатылған элементтердің саны мен орналасуына қарамастан бір құлату болып саналады. Жоғары элементтерге қабырғалар, ағаштар, қоршаулар, жатады.

4.7.4. Секіру кезінде емес, басқа уақытта кедергінің кез келген бөлігіне жанасу немесе сыдыру, құлату болып саналмайды. Даулы жағдайларда рефери шешімді спортшының пайдасына шешеді. Ырғу нәтижесінде кедергінің элементтерін (және/немесе жалауларды) құлату немесе

сырғыту жазаланбайды. Спортшы айыппұл ұпайларды тек ырғу үшін ғана алады. Егер кедергіні немесе жалауды ырғу нәтижесінде құлатса, онда дабыл соғылады, секундомер кедергіні қалпына келтіру үшін және жалауды орнына қою үшін қажет уақытқа тоқтатылады. Құлатуға әкелген ырғу үшін спортшы айыппұл ұпайларын алады.

4.7.5. Егер маршруттағы кедергіні секіру кезінде ат немесе салт атты қағып кетсе, бірақ ол спортшы финиш сызығын өтіп кеткен соң ғана құласа, айыппұл ұпайлары берілмейді. Алайда, егер кедергі (біреуі ғана немесе бірнешеуі) маршруттағы соңғысы болса және спортшы финиш сызығын өткенге дейін құлай бастаса, бұл құлату болып саналады. Бірақ егер спортшы конкурлық алаңнан кетіп қалған болса, онда бұл құлату болып саналмайды.

4.7.6. Комбинацияда біртұтастың бөлігі болып табылатын әрбір элемент жеке және бірізділікпен секірілуге тиіс.

1) Жүйенің элементтерінің әрбіреуін құлату жеке жазаланады.

2) Комбинация арқылы секіруде ырғу, маршруттан ауытқу немесе секірген кезде құлауда спортшы осы жүйенің элементтері арқылы барлық секірулерді қайталауға тиіс. Осы ережені сақтауға жазалауға әкеледі.

3) Әр түрлі талпыныста әрбір құлатқан элементі үшін жаза жеке есептелінеді, сосын барлығы қосылады.

4) Алдыңғы элементтен секіріп өткеннен кейін ат немесе салт атты құлаған соң комбинацияның екінші немесе үшінші элементін немесе/және осы элементтердегі жалауларды құлату немесе ығыстыру жазаланбайды. Тек құлау ғана жазаланады. Алдыңғы элементтен секіру кезінде спортшы құлаған соң екінші немесе үшінші элементін құлату немесе ығыстыру аттың ырғуы немесе маршруттан ауытқуы салдарынан болған жағдайда да осы ереже қолданылады.

4.7.7. Мына іс-әрекеттер бағынбаушылық деп бағаланады және төмендегідей жазаланады:

1) Маршруттан түзетіліп ауытқу (4.7.11. тармағын қар.)

2) Ырғу (4.7.11. тармағын қар.)

3) Маршруттан ауытқу (4.7.12. тармағын қар.)

4) Қарсылық білдіру (4.7.13. тармағын қар.)

5) Маршрутына қарамастан және олар қандай себеппен жасалғанына назар аудармай аз-кем дұрыс шеңбер немесе бірнеше шеңбер (вольт) жасау.

6) Екі көршілес кедергілердің арасынан кері бағытта жүру, егер осындау ауысу маршрут жоспарында көрсетілмесе.

7) Осыған дейін екі рет секіру талпынысы болған кедергіден секіру немесе секіруге талпыныс жазалауға әкеледі.

4.7.8. Маршруттың кез келген бөлігінде орналасқан жалауды құлатқаны үшін жазаланбаса, кедергінің шекарасын, старттық сызықты немесе міндетті бұрылу орынын көрсететін жалауды құлатқаны үшін бірден

жазаланатын. Бұл жағдайда дабыл естіледі, секундомер жалауды орнына қою үшін кететін уақытқа тоқтатылады.

4.7.9. Мына іс-әрекеттер бағынбаушылық болып бағаланбайды:

- 1) Секіру үшін ыңғайлы позицияны алу үшін аттың ырғудан кейін немесе маршруттан ауытқудан кейін дөңгелене жүруі;
- 2) Кедергіге немесе финиш сызығына бұрыштап келу немесе зигзагты ауысудан кейін немесе кедергіге кіруде шұғыл бұрылғаны үшін.

4.7.10. Маршруттан ауытқу

- 1) Маршруттан ауытқу мына жағдайларда болады:
 - спортшы жарыс басталарда алған диаграммада көрсетілген маршрут жоспарына бағынбайды;
 - спортшы маршруттың бағытын және старт пен финиш сызығының орналасуын көрсететін жалаулардың орналасуын есепке алмайды;
 - спортшы маршруттан тыс кедергіден секіреді;
 - немесе қажетті кедергіні тастап кетеді;
 - спортшы кедергілерді бағындырудың кезектілігін бұзады;
 - кедергілерді қарама-қарсы бағытта бағындырады;
 - бірінші ырғудан кейін кедергіні екінші рет бағындыруға тырыспайды.
- 2) Ат келесі кедергіні бағындырғанға дейін түзетілген маршруттан ауытқығаны бағынбаушылық ретінде жазаланады.

4.7.11. **Қарғу** дегеніміз аттың осы кедергіні құлатқаны немесе сырғытқанына қарамастан, секіріп өтуге тиіс кедергінің алдында тоқтауы.

- 1) соңынан бірден орнынан секіре отырып кедергіні құлатпай немесе артқа жылжымай (шегіне) кедергінің алдында тоқтау жазаланбайды.
- 2) егер аялдама жалғасса немесе егер ат артқа қарай бір адым болса да шегінсе (өз бастамасымен немесе салт аттының бастамасымен) бұл қарғу болып саналады.
- 3) егер спортшы аялдама кезінде құлату жасаса және дабыл белгісінен кейін оны қалпына келтіргенше одан секіріп өтсе немесе секіруге әрекет жасаса, ол жазаланады.
- 4) егер ат өте төмен секіргені немесе кедергіден аттап өткені белгісіз болса, рефери осы секіруді қарғу ретінде немесе құлату ретінде есептеу жөнінде шешім қабылдауға тиіс. Егер рефери оны қарғу деп санаса, онда бірден дабыл белгісі беріледі, кедергі қалпына келтіріледі, спортшы секіруге тағы бір әрекет жасайды. Егер рефери қарғу болған жоқ деген шешім шығарса, дабыл белгісі берілмейді, спортшы жарысты одан әрі жалғастыра береді. Бұл жағдайда спортшы кедергіні құлатқаны үшін жазаланады.
- 5) Егер дабыл белгісі берілгеннен кейін спортшы құрама кедергілердің элементтері арқылы секіруді жалғастыра берсе, жүйенің элементін құлатса да бұл жағдайда жазаланбайды.

6) егер спортшы қарғудан кейін атты секіру үшін дайындалуға қажетті қашықтыққа жылжитпай бірден секіруге апарса, сол үшін жазаланады.

7) екі қарғудан кейін бір кедергіден секіру жазаланады.

4.7.12. Ат шабарманға бағынбай, кедергіден секірмей өтіп кетсе осы жағдай **маршруттан ауытқу** болып саналады.

1) егер ат немесе аттың денесінің қандай да бір бөлігі кедергі арқылы өтетін сызықтың жалғасынан, комбинация элементінен, финиш сызығынан немесе міндетті бұрылыстан өтсе, бұл маршруттан ауытқу болып саналады және жазаланады.

2) егер ат екі қызыл немесе екі ақ жалаулардың арасынан секіріп өтсе, кедергі дұрыс бағындырылмаған болып саналады. Спортшы маршрутты бұзғаны үшін жазаланады, және ол кедергіні дұрыс алуға тиіс.

3) егер спортшы маршруттан ауытқыған соң кедергіні қайтадан бағындыруға әрекет жасамаса, ол жазаланады.

4) егер маршруттан ауытқу алдыңғы элементтен секірген соң екі элементтің арасынан құлау нәтижесінде болса, маршруттан ауытқу жазаланбайды.

4.7.13. Егер ат қандай да бір себеппен алға жүруден бас тартса, тоқтаса, шама-шарқын дұрыс немесе толық жартылай бұрылыс жасаса, артқа қарай шегінсе немесе жылжыса ол **қарсылық** болып саналады.

4.7.14. Құлау.

1) егер спортшы өзінің құламаған атынан жеке жерде жатса, құлап қалды деп саналады. Бұл ретте спортшы жерге қолын тигізеді немесе оған артқа отыру үшін сырт жақтан көмек қажет болады.

2) егер аттың иығы немесе денесінің бөлігі жерге немесе кедергіге немесе жерге дейін тисе ат құлады деп саналады.

3) спортшының немесе аттың немесе екеуінің де себебіне байланысты емес құлауы егер олар старт және фиништың сызықтарының арасында болса, айыппұлмен жазаланады.

4) егер аттың немесе спортшының құлауы кедергіні құлату немесе қарғу кезінде болса, осы бұзушылықтар үшін айыппұл ұпайлары қосылады.

5) егер шабарманы жоқ ат құласа, кедергіден секіріп өтсе, рұқсат етілмеген жақтан жалаудың жанынан өтсе, старт және фиништың сызықтарынан өтіп кетсе, спортшы ол үшін айыппұл ұпайларын алмайды.

6) егер шабарманы жоқ ат маршрутты аяқтағанға дейін конкурлық алаңнан кетіп қалса, спортшының жүруі аяқталды деп саналады, және спортшы айыппұл ұпайларын алады.

7) екінші рет құлаған соң, жүру аяқталды деп саналады, ал спортшы айыппұл ұпайларын алады. Командалық эстафетада екінші рет құлаған соң команданың жүруі аяқталды деп саналады, ал команда айыппұл ұпайларын алады.

8) Егер жеке немесе құрама кедергіде тыңдамағандықтан спортшы және/немесе аттың құлауы және құлатуы болса, бірден дабыл сигналы беріледі. Бірақ бұл ретте секундомер спортшы атқа отырғаннан кейін және спортшы маршрутты жүріп өткенше кедергі қалпына келтірілсе ғана секундомер тоқтатылады. Егер тыңдамау болмаса, онда спортшы тек құлағаны және кедергіні құлатқаны үшін ғана жазаланады.

4.7.15. Егер спортшы қандай да бір себеппен қорғау каскасын жоғалтып алса, рефери дабыл сигналын береді, содан кейін спортшы келесі кедергіден секірмей бірден тоқтауға тиіс. Егер спортшы тоқтамаса, ол жазаланады. Секундомер тоқтатылады. Спортшы кез келген жағдайда өзінің каскасын тиісінше киюге тиіс (иегінің астында бекітіп), маршрут бойынша жүруді жалғастырғанға дейін. Егер спортшы оны орындамаса, рефери қайтадан сигнал береді, сосын қайтадан жазаланады. Конкурлық алаңдағы ресми тұлғаға спортшыға касканы әперуге рұқсат етіледі.

4.7.16. Спортшылар рефери қолданатын дабылдың сигналдарына мұқият болуға тиіс. Дабылдың дыбысы конкурлық алаңның барлық шетінен естілетіндей жеткілікті дәрежеде қатты және ұзақ болуға тиіс. Дабыл сигналы спортшыларға маршрутты тексеру үшін немесе жарысты бастау үшін конкурлық алаңға өтуге рұқсат берген кезде, жарысты тоқтатқан кезде, үзілістен кейін жарысты бастаған кезде пайдаланылады және спортшы кедергіні құлатқаны немесе жылжытқаны туралы, спортшы жарыстан алып тасталғаны туралы хабардар ету үшін қолданылады. Спортшы жарыстан алынып тасталатындығы жөнінде дабылдың ұзақ соғылуы білдіреді. Тоқтату белгісінен кейін спортшы тоқтамай секірсе немесе кедергіден секіруге талпыныс жасаса, ол жазаланады.

4.7.17. Үшінші тұлғалардың спортшыға немесе атқа көмектесу мақсатымен араласуына жол берілмейді. Дегенмен спортшыға түсіп қалған касканы және/немесе көзілдірікті әперуге рұқсат етіледі. Осындай көмек үшін ешкім жазаланбайды.

4.7.18. Құлаған немесе жерді басқан спортшыға тек маршрутты орнатушы тарапынан ғана көмек көрсетілуі мүмкін. Олар спортшыға атты ұстап алып, ерге отыруға көмектесе алады.

4.8. Уақытты санау және тоқтату.

4.8.1. Маршрут бойынша қозғалу уақыты – ол спортшыға барлық маршрутты өтуі үшін қажетті уақыт. Секундпен және секундтың ондық үлесімен берілген уақыт ат пен шабарман старт сызығынан өткеннен бастап финиш сызығынан өткен уақытқа дейінгі аралықпен өлшенеді. Ұпайларды есептеу мақсатымен уақыт толық ондық секундқа дейін дөңгеленеді, жүздік және ондық үлестері есепке алынбайды.

4.8.2. Олимпиада ойындарында 1/100-ге дейінгі секундпен уақытты өлшеудің автоматтық жүйесі қолданылады және UIPM басқа ресми жарыстарында пайдалану ұсынылады.

1) UIPM барлық ресми жарыстарында көрсеткіштерді нөлге түсірмей уақытты тоқтатуға және уақытты есептеуді қосуға мүмкіндік беретін үш секундомер болуға тиіс. Уақытты есептеудің автоматты электронды жүйесі сынып қалған жағдайға екі секундомер және спортшының старт сигналын алу үшін жұмсаған уақытты, аттың тыңдамауын, аялдамаларды өлшеу үшін 1 секундомер болуға тиіс. Секундомерлер төреші мен хронометристерде болуға тиіс.

2) төреші маршрутты өтудің жалпы уақытынан кейіннен аялдамалардың уақытын шегеріп тастауға болатындай секундомердің тоқтауы және қосылуын мұқият қадағалауға тиіс. Хронометриялық құрал-жабдық осы міндетті шешуге мүмкіндік беруге тиіс.

4.8.3. Жеке есептегі жарыстарда берілген уақыт маршруттың ұзындығына байланысты 1 мин бастап 1 мин 17 сек. шегінде болуға тиіс. UIPM техникалық делегаты маршрутты өтудің өзге «нормативтік уақытын» белгілейді.

4.8.4. Егер спортшы қандай да бір себеппен немесе болжанбаған жағдайлардың есесіне маршрут бойынша қозғалысты жалғастыра алмаса, сигнал беріледі. Спортшының тоқтайтыны көрінсе, секундомер де тоқтатылады. Маршрут қалпына келтірілген соң, дабылдың сигналы естіледі. Спортшы сағат тоқтатылған жерге тура барып тұрған кезде секундомер қосылады. Егер атлет маршрутты жалғастырмаса да, кез келген жағдайда хронометрлер 20 секундтан кейін іске қосылады. Бас төреші мен техникалық делегат атлеттің маршрутты өтуге әлі жетпейтінін айқын көрсе, өзара келісім бойынша уақытты тоқтата алады.

1) егер спортшы ол өтуге тиіс кедергі дұрыс орнатылмағандығы немесе қалпына келтірілмегендігі жөнінде судьяға белгі беру үшін өздігінен тоқтаса, онда секундомер тоқтатылады, осы кедергі тексеріледі. Егер тексеріс барысында кедергі дұрыс орнатылғандығы немесе қалпына келтірілгендігі, жалаулар дұрыс тұрғандығы анықталса, спортшы тыңдамағаны үшін жазаланады.

2) егер кедергі мен жалаулар жұрыс қойылмаса және қайтадан орнатуды талап етсе, спортшы айыппұл ұпайларын алмайды. Аялдама уақыты есептелмейді және секундомер спортшы бұған дейін тұрған орнына келген уақытқа дейін секундомер тоқтатылады. Спортшының кінәсынан болған қандай да кідіріс назарға алынады және тиісті секундтар спортшының нәтижесінен шегеріледі.

3) секундомер тоқтатылған кезде спортшы маршрут бойынша қозғалысты жалғастыруға рұқсат алғанға дейін конкурлық алаң бойынша еркін жүре береді, соңынан секундомер іске қосылады.

4) аялдама кезінде аттың немесе шабарманның құлауы жазалауға әкеледі, ал тыңдамау-жоқ. Жарыстан алып тастауды көздейтін ереже секундомерді тоқтатқан кезде күшіне енеді.

5) егер спортшы эстафетаны беру аймағында аттан құласа және ат шабармансыз конкур алаңына шығатын болса, маршрутты өтіп жатқан спортшы дабыл сигналымен тоқтатылады. Секундомер тоқтатылады және маршрутты орнатушының көмекшілері атты ұстайды. Команда бұзушылық үшін жазаланады, спортшы ерге отырған соң, ат эстафетаны беру аймағына келгесін ғана рефери жарысты одан әрі жалғастыруға белгі береді. Егер ат шабарманы құлаған соң эстафетаны беру аймағын және конкурлық алаңды тастап кетіп қалса, ойын аяқталмаған болып саналады және барлық команда жазаланады.

4.8.5. Жеке есептегі жарысты өткізген кезде уақыт лимиті берілген уақыттың екі еселік мөлшеріне тең (4.8.3.-тармағын қар.). «Командаға 1 ат» нұсқасымен командалық эстафетадан жарысты өткізген кезде, уақыт лимиті берілген уақыттың екі еселенген мөлшері - 2 мин 30 сек. құрайтын бөлінген уақытқа тең.

4.9. Ережені бұзу және жазалау

4.9.1. Осы ережені бұзу спортшының жалпы есебінен ұпайларды шегерумен немесе жарыстан алып тастаумен жазаланады.

4.9.2. Жеке жарыстарда, 2 ат қатысатын эстафеталарда спортшы бақылау уақытынан асырған әрбір секунд үшін 4 ұпайды шегерумен, 3 ат қатысатын эстафеталарда әрбір секунд үшін 2 ұпаймен жазаланады.

4.9.3. Спортшы дұрыс киім кимейтін әрбір әрекеті үшін 20 ұпайды шегерумен жазаланады.

4.9.4. Жеке есептегі жарыстарда спортшы мыналар үшін жазаланады:

- 1) секіру кезінде құлатқан әрбір кедергі (элемент) үшін 20 ұпай шегеріледі;
- 2) атлеттің немесе аттың, немесе екеуінің де құлағаны үшін, кедергіні құлатуға әкелген бағынбағаны үшін, бір кедергіден өтемін деген әрекеті үшін 40 ұпай шегеріледі;
- 3) кедергіні (бір, екі немесе үштік) немесе кедергіні, старттық сызықты немесе міндетті бұрылыс орнын көрсететін жалауды құлатуға әкелген әрбір әрекеті үшін 60 ұпайды шегеру.

4.9.5. Командалық есептегі жарыстарда командалар мыналар үшін жазаланады:

- 1) секіру кезінде құлатқан әрбір кедергі үшін 20 ұпай айыппұл;

- 2) кедергіні құлатуға әкелген бағынбағаны үшін, бір кедергіден өтемін деген әрекеті үшін 40 ұпай айыппұл;
- 3) стартты дұрыс бастамағаны және кезектен тыс эстафеталық аймақтан шыққаны үшін 40 ұпай айыппұл;
- 4) атлеттің немесе аттың, немесе екеуінің де құлағаны үшін, кедергіні құлатуға әкелген бағынбағаны үшін, бір кедергіден өтемін деген әрекеті үшін 60 ұпай айыппұл;

4.9.6. 2 адам 2 атпен және 3 адам бір атпен командалық эстафеталардағы жарыстарда жеке есептегідей айыппұлдар салынады.

4.9.7. 100 ұпайды шегеріледі:

- 1) жаттығу алаңындағы кедергіден өткен әрбір артық секіру үшін;
- 2) атқа кедергіні стартқа дейін, не қарғудан кейін көрсету;
- 3) дабылдың белгісінен кейін маршрутты жалғастыру;
- 4) жеке адамның көмегі мен ауызша нұсқауларды қоса алғандағы кез келген рұқсат етілмейтін көмек үшін;
- 5) жарыс басталған соң конкурлық алаңға жаяу кіргені үшін;
- 6) атлеттің немесе аттың жарақат алуын есепке алмаған жағдайда конкурлық алаңнан жаяу кеткені үшін.

4.9.8. 200 ұпай шегеріледі:

- 1) Жаттығуда кедергіні дұрыс бағытта бағындырмағаны үшін;
- 2) Сигнал бергенге дейін стартты бастағаны және/немесе гит басталғанға дейін кедергіден секіргені үшін;
- 3) Старттық сызықтан өтпей бірінші кедергіден секіргені үшін;
- 4) Маршруттың жоспарында көрсетілмеген кедергіден секіргені үшін;
- 5) Құлаған кедергіден оны қалпына келтіргенге дейін секіргені үшін;
- 6) Дабылдың рұқсат беретін сигналын күтпестен кедергіден секіргені үшін;
- 7) Кедергіден ретсіз тәртіпте немесе бағытта секіргені немесе бір кедергіге екі қарғудан кейін секіргені үшін.

4.9.9. Спортшының немесе команданың атта салт жүру бойынша жарысы мына жағдайларда тоқтатылады:

- 1) спортшы және/немесе ат конкурлық алаңнан маршрут аяқталғанға дейін кетіп қалса;
- 2) спортшы және/немесе ат маршрутты жалғастыруға құлқы жоқ болса;
- 3) аттан екінші рет құласа;
- 4) атпен салт жүру кезінде спортшы жарыстан кетіп қалса;
- 5) уақыт лимитін асыру;
- 6) маршрут бұзылды, барлық немесе барлық емес кедергілер бағындырылды;

- 7) маршрутқа енбейтін кедергілер бағындырылды;
- 8) кедергілер қате бағытта бағындырылса;
- 9) қарғудан кейін кедергіні 2-ші рет немесе маршруттың басқа кедергілерін бағындырудан бас тарту;
- 10) фиништық сызықтан өткенге дейін конкурлық алаңнан кету;
- 11) 6 қарғу болса.

4.9.10. Спортшы немесе команда мына жағдайларда жарыстан алып тасталынады:

- 1) спорттық емес мінез-құлық немесе ресми тұлғаларды сыйламаса;
- 2) атты ұрып-соқса немесе нашар қараса;
- 3) конкурлық және жаттығу алаңында, сондай-ақ стадионның басқа жерлерінде тыйым салынған қамшы мен темір өкшені қолданса;
- 4) үшінші шақырудан кейін алаңға шықпаса.

4.10. Ұпайларды есептеу

4.10.1. Нормативті уақыттың ішінде қатесіз өткен маршрут үшін спортшыға немесе командаға эстафетада 1200 ұпай беріледі. Барлық айыппұлдар осы срмадан шегеріледі.

4.10.2. Атпен салт жүру тоқтатылған кезде спортшы 1200 ұпай алады, одан мыналар шегеріледі:

- 1) маршруттағы алдыңғы бұзушылықтар үшін айыппұлдар;
- 2) трассаны өткен уақыты үшін айыппұлдар;
- 3) жеке есепте әрбір өтпеген кедергі үшін 100 ұпайдан және «командаға 3 ат» эстафеталарында өтпеген әрбір кедергі үшін 50 ұпайдан шегеріледі.

4.10.3. Айыппұл ұпайларының жалпы саны спортшының немесе эстафеталық команданың маршрутта жинаған ұпайларынан артық болса, атпен салт жүрудегі ұпайлардың орташа саны 0-ге (нөлге) тең болады.

4.10.4. Спортшының/эстафеталық команданың иеленген орны жинақтаған ұпайлар санымен анықталады. Ұпайлар тең болған жағдайда, «оңтайлы уақыт» шешуші болып табылады. «Оңтайлы уақыт»- «белгіленген уақытқа» неғұрлым жақын уақыт.

В бөлімі.

В.4.11. Конкурлық алаң.

В.4.11.1. Ұйымдастырушы комитет бір вертикальды және бір горизонталь кедергілері бар жаттығу алаңын беруге тиіс. Кедергілер қызыл және ақ жалаулармен белгіленуге тиіс. Жарыстар жаттығуды өткізу үшін қажетті орынды қоршап қою мүмкіндігі жоқ үй-жайда өткізілген жағдайда, Ұйымдастырушы комитет барлық спортшыларға жаттығуды конкурлық алаңда өткізуге рұқсат бере алады. Жарыс

алдында әрбір спортшыға оған көрсетілген кедергі арқылы бір секіру жасауға рұқсат беріледі.

В.4.11.2. Екі жаттығу кедергісі жарыс алаңындағыдай бағытта бағындырылуға тиіс.

В.4.11.3. Конкурлық алаң қоршалуға тиіс. Қоршаудың ең төмен биіктігі- 1 метр. Ат конкурлық алаңда болған уақытта алаңдағы барлық кіретін және шығатын жерлер жабылуға тиіс.

В.4.11.4. Старттық сызық бірінші кедергіден кемінде 6 м-ге және көп дегенде 15 метрге орналасуға тиіс. Фиништық сызық соңғы кедергіден кемінде 6 м-ге және көп дегенде 15 метрге алыстатылуға тиіс. Жабық кеңістіктегі жарыстарда фиништық сызық соңғы кедергіден кемінде 10м қашықтықта орналасуға тиіс. Старт және фиништың сызықтары біт жағынан қызыл жалаулармен, екінші жағынан толығымен ақ жалаулармен белгіленуге тиіс.

В.4.11.5. Эстафеталарды өткізу үшін старттық сызықтың сыртынан өлшемі ұзындығы 20м және ені 10м болатын эстафетаны беру аймағы белгіленуге тиіс, ол жерде эстафетаны күтіп тұратын команда орналасады. Осы аймақ жарыстық алаңнан ажыратылмайды және айқын белгіленуге тиіс.

В.4.11.6. Жарысты ұйымдастырушы маршруттың жоспарын көрсетуге тиіс. Маршрут жоспарына мыналар кіреді:

- 1) старт және финиш сызықтарының орналасуы;
- 2) кедергілердің өзара орналасуы, олардың типі, өлшемі және тәртібі;
- 3) міндетті бұрылыстардың орындары;
- 4) өлшемге сәйкес маршруттың ұзындығы;
- 5) спортшының маршрут бойынша қозғалыс траекториясын, ол тұтас сызықпен белгіленген жағдайда спортшы осы траекторияға бағынуға тиіс, немесе меңзерлер көмегімен, бұл жағдайда спортшы қозғалыс траекториясын өздігінен таңдай алады. Осы тәсілдердің комбинациясы да қолданылуы мүмкін, бұл жағдайларда спортшы маршруттың жеке бөліктерінде белгіленген траекторияларға бағынуға тиіс.
- 6) маршрутты өтудің нормативті уақыты және уақыт лимиті;
- 7) дәл төрешілердің алдында орналасқан және гүлдермен, барьерлермен, ленталармен белгіленген, атлет және ат үшін қауіпсіз орналасқан, салт атпен жүру жарыстарын өткізуге кедергі жасамайтын төрешілермен сәлемдесуге арналған алаң;
- 8) төрешілер үстелі;
- 9) төрешілермен сәлемдесу алаңына қозғалыс курсы.

В.4.12. Кедергілер.

В.4.12.1. Кедергілер ішінара жабық болуы мүмкін. Егер спортшы кедергіден секіріп өткен соң оның екінші бөлігінен секіріп өтпей одан кете аламаса, онда кедергі жабық болып саналады.

В.14.12.2. Кедергілердің барынша өлшемдері:

	Ересектер	Жасөспірімдер	Кадеттер
Вертикаль кедергілер	120см	110см	100см
Горизонталь кедергілер	120×150см	110×130см	100×120см
Оксер	120×130см	110×120см	100×110см

В.4.12.3. Кедергілер олардан секіріп өту ретіне байланысты нөмірленуге тиіс. Құрама жүйелердің нөмірі біреу болады. Осы нөмір рефери мен спортшыларға ыңғайлы болу үшін кедергінің әрбір бөлігінде қайталануға тиіс. Бұл жағдайда оған әрбір элементтің әріптік мағынасы қосылады (мысалы, 8А, 8В, 8С).

В.4.12.4. Командалық эстафеталарды өткізуге арналған кедергілер жеке есептегі жарыстарға арналған кедергілерден тұруға тиіс.

В.4.12.5. Кедергілердің түрі тартымды және әр түрлі нысанда, сонымен бірге қоршаған ортамен үйлесімді болуға тиіс. Кедергілердің және оның құрамдас бөліктерінің салмағы олар жай ғана түртуден құламайтындай ауыр, сонымен бірге ат оған сүрініп құлап жарақаттанып қалмайтындай зілдей болмауға тиіс.

В.4.12.6. Кедергілер бір үлгідегі спорттық болуға тиіс. Олар басқа мемлекеттен келген спортшылар үшін күтпеген жағымсыздық болмауға тиіс.

В.4.12.7. Кедергінің бағаналары мен басқа элементтері ұстағыштарға (чашка) орнатылады. Ұстағыштың диаметрі бағананың диаметрінен сәл үлкендеу болуға тиіс. Бағана ұстағышта еркін айналып тұратындай болуға тиіс. Планкалар, балюстрада, барьер, вороттар үшін ұстағыш толық емес шеңбер немесе жазықтықта болуға тиіс.

В.4.12.8. Мақұлданған ұстағыштар горизонталь кедергілердің артқы бағаналарын қолдаушы ретінде пайдалануға тиіс, ал үш бөренелерден кедергіні пайдаланған жағдайда – орталық және артқы бағананы қолдау үшін пайдалануға тиіс. Сондай-ақ қауіпсіздік чашкалары жаттығу аймақтарында пайдалануға тиіс.

1) UIPM техникалық делегаты немесе жергілікті техникалық бақылаушы Ұйымдастырушы комитеттен жарыс басталғанға дейін қауіпсіз ұстағыштар мақұлданған ба және сенімді өндірушілерден сатып алынғандығы жөнінде біліп алуға тиіс.

В.4.12.9. Осы ережеде айтылған кедергілердің биіктігі және ені жөніндегі шектеулер мүлтіксіз сақталуға тиіс. Дегенмен кедергілерді әзірлеу үшін пайдаланылатын материалдардың ерекшелігіне орай және/немесе кедергілердің жер қыртысындағы орналасуына қарай кедергілердің өлшемі шамалы өзгеруі мүмкін (5см-дан артық емес), мұндай ауытқушылықтарға жол беріледі.

В.4.12.10. Егер кедергінің барлық элементтері алдыңғы жағынан қалқасыз және кедергінің алдынан ор немесе үйіндісіз бір вертикаль жазықтықта орналасса, мұндай кедергі құрылғысына қарамастан вертикальды деп аталады. Көлбеу жазықтығы бар қабырға вертикальды кедергі болып есептелінбейді.

В.4.12.11. Егер ат секіреді алдында вертикаль бағытта да, горизонталь бағытта да күш салса, мұндай кедергі горизонталь деп аталады.

В.4.12.12. Биіктігі тең брустар (оксер) – кедергінің екі жағындағы бөренелері бір биіктікте жататындай және бір-біріне параллель болатындай салынған горизонталь кедергі.

В.4.12.13. Екілік немесе үштік комбинация араларындағы қашықтық кемінде 7 метр, көп дегенде 12 метр болатын, бірізді 2 немесе 3 секіруді орындауды талап ететін 2 немесе 3 кедергіден тұрады. Кедергілердің ара қашықтығы алдыңғы элементтің артқы жағынан бастап келесі элементтің алдыңғы жағына дейін өлшенеді.

В.4.12.14. Үйінділер, төмпешіктер, еңістер, батып кеткен жолдар олардың бетінде кедергілердің болу-болмауына қарамастан құрама кедергілер деп аталады. Жарыс басталар алдында UIPM техникалық делегаты осындай кедергіні құрама деп санауға болатындығы жөнінде шешім қабылдайды, оның шешімі маршрут жоспарында көрсетілуге тиіс.

В.4.13. Қызыл және ақ жалаулар

Маршруттағы толық қызыл (екі жағынан да) және толық ақ түсті (екі жағынан да) жалаулар мынадай нүктелерді білдіреді:

- 1) старт;
- 2) кедергінің шекараларын;
- 3) міндетті бұрылыстар;
- 4) финиш;
- 5) жаттығу аренасындағы кедергілер.

В.4.14. ҰК- аттардың тізімі

Ұйымдастырушы комитет аттардың тізімін беруге тиіс. Ол тізімге мыналар кіреді:

- 1) аттың нөмірі, есімі, жынысы, жасы, түсі, темпераменті және басқа арнайы сипаттамалары (мартингал және т.с.с.);
- 2) аттарды көрсету нәтижелері (әрбір кедергілердегі қателердің саны).

В.4.15. ҰК- аттарды іріктеу

Жарысқа арналған аттарды мұқият іріктеу қажет, аттардың сапалары мүмкіндігінше бірдей болу керек. Аттар маршруттан өте алатындай жағдайда болуы қажет, ең аз дегенде күніне 2 рет, нормативтік уақытты асырмай және кедергілерде аз қателер жіберуге тырысуы қажет.

- 1) Әрбір ат үшін ұйымдастырушы үзеңгісіне арналған былғары белдігі бар ағылшын ер тоқымын береді. Спортшығы өзінің шылбырын қолдануына болады. Жарысты ұйымдастырушы келіскен жағдайда спортшыға өзінің ер тоқымын қолдануына болады. Өйтпеген жағдайда ер тоқымның ешқандай бөлігін ауыстыруға болмайды. Ауыстыруды UIPM техникалық делегаты және атқа салт міну жөніндегі бас төрешінің орынбасары ер тоқымның сапасы нашар болған жағдайда рұқсат етуі мүмкін. Қауіпсіздік шарасы ретінде үзеңгінің былғары белдігі мен металл бөліктерін айылға бекітуге болмайды. Сонымен қатар аяғыңды үзеңгіде бекітуге болмайды.
- 2) Егер ол аттың сипаттамасында болса, онда сақинасы бар мартингал болуға тиіс. Басқа жағдайларда мартингалды қолдануға тыйым салынады.
- 3) Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында жарысты ұйымдастырушы UIPM техникалық делегатына «аттарды сынаудан» кем дегенде 3 күн бұрын аттардың паспорттары мен барлық аттардың «көгілдір кітапшаларын» ұсынуға тиіс.

4А қосымша: ҰПАЙЛАР КЕСТЕСІ
АТПЕН САЛТ ЖҰРУ

Ашық конкурлық алаң:
Жылдамдығы 350м/мин. Маршруттың ұзындығы: 350-450м.
1200 ұпай = оңтайлы уақыт

Дистан- цияның ұзын- дығы	Келу уақыты	Уақыт лимиті	Дистан- цияның ұзын- дығы	Келу уақыты	Уақыт лимиті
350м	60сек	120	405м	69сек	138
355м	61сек	122	410м	70сек	140
360м	62сек	124	415м	71сек	142
365м	63сек	126	420м	72сек	144
370м	63сек	126	425м	73сек	146
375м	64сек	128	430м	74сек	148
380м	65сек	130	435м	75сек	150
385м	66сек	132	440м	75сек	150
390м	67сек	134	445м	76сек	152
395м	68сек	136	450м	77сек	154
400м	69сек	138			

Жабық конкурлық алаң:
Жылдамдығы 300м/мин. Маршруттың ұзындығы: 350-450м.
1200 ұпай = оңтайлы уақыт

Дистан- цияның ұзын- дығы	Келу уақыты	Уақыт лимиті	Дистан- цияның ұзын- дығы	Келу уақыты	Уақыт лимиті
350м	70сек	140	405м	81сек	162
355м	71сек	142	410м	82сек	164
360м	72сек	144	415м	83сек	166
365м	73сек	146	420м	84сек	168
370м	74сек	148	425м	85сек	170
375м	75сек	150	430м	86сек	172
380м	76сек	152	435м	87сек	174
385м	77сек	154	440м	88сек	176
390м	78сек	156	445м	89сек	178
395м	79сек	158	450м	90сек	180
400м	80сек	160			

Жеке жарыстар мен 2 және 1 атпен эстафеталардағы
УАҚЫТ ҮШІН АЙЫППҰЛ + 1сек = -4ұпай

Оңтайлы уақытты 2 есе асырған жағдайда жарысты тоқтатуға рұқсат етіледі.

+1с = -4очка	+16 = -64	+31 = -124	+46 = -184	+62 = -248
+2 = - 8	+17 = -68	+32 = -128	+47 = -188	+63 = -252
+3 = -12	+18 = -72	+33 = -132	+48 = -192	+64 = -256
+4 = -16	+19 = -76	+34 = -136	+49 = -196	+65 = -260
+5 = -20	+20 = -80	+35 = -140	+50 = -200	+66 = -264
+6 = -24	+21 = - 84	+36 = -144	+51 = -204	+67 = -268
+7 = -28	+22 = - 88	+37 = -148	+52 = -208	+68 = -272
+8 = -32	+23 = - 92	+38 = -152	+53 = -212	+69 = -276
+9 = -36	+24 = - 96	+39 = -156	+54 = -216	+70 = -280
+10 = -40	+25 = - 100	+40 = -160	+55 = -220	+71 = -284
+11 = -44	+26 = - 104	+41 = -164	+56 = -224	+72 = -288
+12 = -48	+27 = - 108	+42 = -168	+57 = -228	+73 = -292
+13 = -52	+28 = - 112	+43 = -172	+58 = -232	+74 = -296
+14 = -56	+29 = - 116	+44 = -176	+59 = -236	+75 = -300
+15 = -60	+30 = - 120	+45 = -180	+60 = -240	+76 = -304
			+61 = -244	+77 = -308

3 атпен эстафеталардағы УАҚЫТ ҮШІН АЙЫППҰЛ + 1сек = -2ұпай
Оңтайлы уақытты 2 есе асырған жағдайда жарысты тоқтатуға рұқсат етіледі.

+1с = -2оч ка	+16 = -32	+31 = -62	+136 = -272	+166 = -332
+2 = -4	+17 = -34	+32 = -64	+137 = -274	+167 = -334
+3 = -6	+18 = -36	+33 = -66	+138 = -276	+168 = -336
+4 = -8	+19 = -38	+34 = -68	+139 = -278	+169 = -338
+5 = -10	+20 = -40	+35 = -70	+140 = -280	+170 = -340
+6 = -12	+21 = -42	+36 = -72	+141 = -282	+171 = -342
+7 = -14	+22 = -44	+37 = -74	+142 = -284	+172 = -344
+8 = -16	+23 = -46	+38 = -76	+143 = -286	+173 = -346
+9 = -18	+24 = -48	+39 = -78	+144 = -288	+174 = -348
+10 = -20	+25 = -50	+40 = -80	+145 = -290	+175 = -350
+11 = -22	+26 = -52	+41 = -82	+146 = -292	+176 = -352
+12 = -24	+27 = -54	+42 = -84	+147 = -294	+178 = -356
+13 = -26	+28 = -56	+43 = -86	+148 = -296	+179 = -358
+14 = -28	+29 = -58	+44 = -88	+149 = -298	+180 = -360
+15 = -30	+30 = -60	+45 = -90 ит.д.	+150 = -300 ит.д.	

Эстафета: 3 ат:

Маршруттың ұзындығы: 3×350м. 1200 ұпай = 3мин.

Уақыттың екі еселік лимитіне рұқсат беріледі.

Эстафета: 2 атлет:

Маршруттың ұзындығы: 2×350м. 1200 ұпай = 2мин.

Уақыттың екі еселік лимитіне рұқсат беріледі.

Эстафета: 1 ат:

Маршруттың ұзындығы: 3×200м. 1200 ұпай = 2мин.30сек

Уақыттың 2мин.30сек –тен басталатын екі еселік лимитіне рұқсат беріледі.

70.1.сек уақыты 70 сек.ретінде жазылады және 70.9.сек те 70 сек.ретінде жазылады.

4В-қосымшасы. АЙЫППҰЛДАР КЕСТЕСІ АТПЕН САЛТ ЖҰРУ

(ТОЛЫҒЫРАҚ 4.9 бөлімінен қара)

Атлет ережені бұзса мына Тармақ жағдайларда жазаланады:		Жеке есеп, 2 адам және 2 атпен эстафета, 3 адам және 1 ат эстафетасы	3 адам және 3 ат эстафетасы
Уақыт лимитін 1 секундқа асыру	4.8.5, 4.9.2.	4 ұпай	2 ұпай
Киім нысанын бұзу	1.22.2, 1.23.1, 4.4.1. 4.9.3.	20 ұпай	
Кедергі секіру кезінде құлатылса	4.7.3. 4.7.6. 4.7.7. 4.9.4.1) 4.9.5.1)	20 ұпай	20 ұпай
Шабарманның аттан құлауы, немесе екеуінің де құлауы	4.7.5. 4.9.4.3) 4.9.5.5)	60 ұпай	60 ұпай
Бағынбау (әрбір жағдай)	4.7.8.	40 ұпай	40 ұпай
Төрешілерге сәлем бермеу	4.9.4.2) 4.9.5.2)		
-біреуінен қайта-қайта өтуге	4.7.12.7)	40 ұпай	40 ұпай
- кедергіден өтуге	4.9.4.2)		

әрбір әрекеті үшін	4.9.5.2)		
Фальстарт (эстафеталарда)		40 ұпай	40 ұпай
Эстафетаны беру алаңынан рұқсатсыз шығу	4.9.5.4)	40 ұпай	40 ұпай
Кедергіні (бір, екілік, үштік) немесе жалауды құлатуға әкелетін бағынбаушылық	4.7.5. 4.7.9. 4.9.4.3) 4.9.5.3)	60 ұпай	40 ұпай
Атлет ережені бұзса мына жағдайларда жазаланады:	Тармақ	Айыппұл	
Бағындырылмаған әрбір кедергі	4.10.2.3)	100 ұпай	50 ұпай
Жаттығу аймағындағы қажетті саннан артық секіргені үшін	4.6.3.2) 4.9.7.1)		
Стартқа дейін не қарғудан кейін атқа кедергіні көрсету	4.6.2 4.7.12.6) 4.9.7.2)		100 ұпайды шегеру
Гит кезінде дабылдың сигналынан кейін тоқтамау	4.7.17 4.9.7.3)		
Рұқсатсыз көмек көрсету	4.7.18 4.9.7.4)		

Жарыс басталған соң манежге жаяу шығу	4.9.7.5)	
Манежден жаяу кету	4.9.7.6)	
Жаттығу кезінде кедергілерді қате бағытта бағындыру	4.6.3.4) 4.9.8.1)	
Старт туралы сигналға дейін стартты бастау, гит басталғанға дейін кедергіні бағындыру	4.6.6. 4.9.8.2)	200 ұпайды шегеру
Старт сызығынан өтпей бірінші кедергіні бағындыру	4.6.6. 4.9.8.3)	
Құлаған кедергіден оны қалпына келтіргенше секіріп өту	4.7.12.3) 4.9.8.4)	
Дабыл сигналына дейін кедергіден секіру	4.7.17. 4.9.8.5)	
Бір кедергіге екі қарғу жасаған соң қайта-қайта секіру	4.7.12.8) 4.9.8.6)	